

Құрамында қымбат бағалы металдар немесе қымбат бағалы металдардың қосылыстары бар, минералдан пайда болған шикізаттың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарын белгілеу туралы және Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда ставкалары неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың және баждардың осындай ставкалар мөлшерлерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 87 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 2616 10 000 0, 2616 90 000 0, 7106 10 000 0, 7106 91 000 9, 7108 11 000 0, 7108 12 000 9, 7110 11 000 9, 7110 21 000 9, 7110 31 000 0 және 7110 41 000 0 кодтарымен сыныпталатын, құрамында қымбат бағалы металдар немесе қымбат бағалы металдардың қосылыстары бар, минералдан пайда болған шикізаттың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2020 жылғы 30 маусымға дейін кедендік құннан 0 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 2616 10 000 0, 2616 90 000 0, 7106 10 000 0, 7106 91 000 9, 7108 11 000 0, 7108 12 000 9, 7110 11 000 9, 7110 21 000 9, 7110 31 000 0 және 7110 41 000 0 кодтары бар позициялардағы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпеге "4С)" сілтемесі "69С)" сілтемесімен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпе мынадай мазмұндағы 69С ескертпесімен толықтырылсын:

"69С) Кедендік әкелу бажының кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 87 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2020 жылғы 30 маусымға дейін қолданылады."

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 56 шешімімен бекітілген Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың және баждардың осындай ставкалары мөлшерінің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 7110 11 000 9, 7110 21 000 9, 8716 39 800 3 және 8716 39 800 4 кодтары бар позициялары алып тасталсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян